ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар болігі)

2024 жылғы 19 сәуір №7119-24-00-2/4097 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Кенжебекова Еркежан» жеке кәсіпкеріні

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Кенжебекова Еркежан» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Кенжебекова Еркежан» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Кенжебекова Еркежан» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан Төлебекова Ғ.С. 19.04.2024
7119-24-3-1/3611

«Кенжебекова Еркежан» жеке кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 3 387 (үш мың үш жүз сексен жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 102 (жүз екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Тюлебекова Г.С**

Копия верна.
Судья **Тюлебекова Г.С.**

Справка: решение вступило в законную силу 27.05.2024 года.
Судья **Тюлебекова Г.С.**

Документ подписан Тюлебекова Г.С., 19.04.2024

7119-24-3-1/3611